

БҰЙРЫҚ


2014 ж. 31 желтоқсан № 804

Астана қаласы

ПРИКАЗ

Астана қаласы

**Салықтық өтініштердің
нысандарын бекіту туралы**



«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы»
Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 75-бабына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған салықтық өтініштердің нысандары бекітілсін:
 - 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес құжаттық тексеру жүргізу туралы;
 - 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес қызметті тоқтату туралы;
 - 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес салық төлеушінің (салық агентінің) салық есептілігін кері қайтарып алу туралы;
 - 4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес салық есептілігін табыс етуді тоқтата тұру (ұзарту, қайта бастау) туралы;
 - 5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттың негізінде төленген табыс салығын бюджеттен немесе шартты банк салымынан қайтаруға;
 - 6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес салық резиденттігін растауды алуға;
 - 7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған табыстардың және ұсталған (төленген) салықтардың сомалары туралы анықтаманы алуға;
 - 8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес тіркеу есебіне қою туралы;
 - 9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес тіркеу есебінен шығару туралы;
 - 10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес дара кәсіпкерді, жеке нотариусты, жеке сот орындаушысын, адвокатты, кәсіби медиаторды тіркеу есебі туралы;
 - 11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебі туралы;
 - 12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес электрондық салық төлеушінің тіркеу есебі туралы;

003533

5

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес бензин (авиациялықтан басқа), дизель отынын өндіру, бензинді (авиациялықтан басқа), дизель отынын көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебі туралы;

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес темекі өнімдерін өндіру және (немесе) көтерме саудада өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебі туралы;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін өндіру, алкоголь өнімін көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебі туралы;

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес ойын бизнесі қызметін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебі туралы;

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес ұтыссыз ойын автоматтарын, ойынға арналған жеке компьютерлерді, ойын жолдарын, карталарды, бильярд үстелдерін пайдалана отырып көрсетілетін қызметтер - қызметін жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебі туралы;

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес грант қаражаттары есебінен сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызмет көрсетулер бойынша төленген қосылған құн салығын қайтару туралы;

19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес салық міндеттемесін, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстау және аудару, әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу бойынша міндеттемелерді орындау бойынша бюджетпен есеп айырысудың жай-күйі туралы жеке шоттан үзінді көшірме алуға;

20) осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес салықтарды, басқа да міндетті төлемдерді, кедендік төлемдерді, өсімпұлдар мен айыппұлдарды есепке жатқызу және (немесе) қайтару жүргізуге;

21) осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес бақылау-касса машинасын салық органдарында есепке қою туралы;

22) осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес бақылау-касса машинасын есептен шығару туралы;

23) осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес бақылау-касса машинасын пайдалану кезінде туындайтын міндеттемелердің орындалуы туралы;

24) осы бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес бақылау-касса машинасының моделін мемлекеттік тізілімге енгізу туралы;

25) осы бұйрыққа 26-қосымшаға сәйкес акцизделетін тауарларды өндіру, жинау (жинақтау) жөніндегі қызметті жүзеге асыратын салық төлеуші ретінде тіркеу есебі туралы.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамада бекітілген тәртіппен мыналарды:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;



6

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі**




A handwritten signature in blue ink, appearing to be 'B. Sultanov', is written over the official seal.

Б. Сұлтанов

A handwritten signature in blue ink, located at the bottom left of the page.

7



«Б Е К І Т Е М І Н»

**Қазақстан Республикасы
Әділет Міністрінің орынбасары**

З. Баймолдина

2015 жылғы «03» ақпан

**Нормативтік құқықтық актінің мемлекеттік тіркеу туралы
Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы**

**Нормативтік құқықтық актінің
деректемелері:**

«Салықтық өтініштердің
нысандарын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Қаржы
міністрінің 2014 жылғы
31 желтоқсандағы № 604 бұйрығы

**Нормативтік құқықтық актінің
ұсынған орган:**

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

**Нормативтік құқықтық актінің
қабылдау негіздемесі:**

«Салық және бюджетке төленетін
басқа да міндетті төлемдер туралы»
Қазақстан Республикасы Кодексі
(Салық кодексі)

**Нормативтік құқықтық актінің
мемлекеттік тіркеуге келіп
түскен күні:**

2015 жылғы 5 қаңтар

Мен, Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Департаментінің сарапшысы Н.Долдашева нормативтік құқықтық актіге жүргізілген талдаудың және нормативтік құқықтық акті құқықтық сараптамасының нәтижелері бойынша келесіні айқындадым:

1. Осы нормативтік құқықтық акт Қазақстан Республикасы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің (Салық кодексі) 75-бабына сәйкес әзірленген, осыған орай, салықтық өтініштердің нысандарын уәкілетті орган айқындайды.

2. Нормативтік құқықтық акт азаматтардың заңда белгіленген құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін бұзбайды және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейді.

3. Нормативтік құқықтық акт Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 17 тамыздағы № 778 қаулысымен бекітілген Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу қағидаларында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 тамыздағы № 773 қаулысымен бекітілген Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу және келісу қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

4. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының талаптарына сәйкес нормативтік құқықтық акт ресми жариялауға жатады.

Қорытынды:

Жазылғанның негізінде:

1) «Салықтық өтініштердің нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 604 бұйрығын тіркеуді;

2) Нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 10175 енгізуді;

3) Мемлекеттік тіркегеннен кейін нормативтік құқықтық актінің бір данасы (түпнұсқалар) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қорытындымен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне ресми жариялау міндеттемесімен жіберуді;

4) Нормативтік құқықтық актінің екі данасын (көшірмелерін) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қорытындымен Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

5) Нормативтік құқықтық актінің бір данасын (көшірмелерін) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қорытындымен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде қалдыруды мүмкін деп санаймын.

Сарапшы

А.Ж.Т.

Н.Долдашева

Нормативтік құқықтық актінің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі данасын және қорытындыны алдым:

	<i>А.Ж.Т.</i>	<i>қызметі</i>	<i>саны</i>	<i>алған күні</i>	<i>Қолы</i>
түпнұсқа					